

УДК 327.834

**РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САУДАДАҒЫ ГАЗ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ  
ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ДАМУЫ**

**Тилек Елдос**

eldostilek@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті


Халықаралық қатынастар факультетінің 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Қазіргі таңда әлемнің дамуы мен өркендеу жолында энергетиканың маңыздылығы қарқынды күшейіп келеді. Ресейдің табиғи газы ТМД-ны және Еуропаны қамтамасыз етуде. Ресей Федерациясы үшін де табиғи газ сыртқы саудада экономикалық тұрғысынан үлкен маңызға ие. Дүние жүзіндегі табиғи газ қорының кем дегенде төрттен бірі Ресей аумағында жатыр. Бұл жалпы көлемнің 40 пайызға жуығы экспортқа шығарылады[1]. Еуропаның

басым бөлігі, сонымен қатар Азияның үлкен бөлігі және көршілес елдер Ресей газына тәуелді. Небәрі 50 жылдың ішінде Ресей әлемдегі ең ірі газ державасына айналды. Бір кездері табиғи газ тек мұнай өндірудің жанама өнімі болып саналды. «Ресей» және «газ» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты болып кеткенін көре аламыз.

Сурет 1. 2012-2018 ж.ж Ресейдің газ саласындағы өндіру, тұтыну, экспорттау гистограммасы. (Дереккөз: «Газпром», Сахалин Энерджи, РФ-ның энергетикалық министрлігі) [2].




Ресей газ экспорты саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуде. Бірқатар қолайсыз саяси факторларға қарамастан, Еуропаға жеткізілім көлемі тұрақты деңгейде қалып отыр. Бұған Газпромның газ сатудың жаңа спот тетіктерін құруы айтарлықтай ықпал етеді. Сонымен бірге «сұйытылған табиғи газ» өндірісі кеңейіп келеді.

Егер ресейлік компаниялар өздерінің алдында ашылған мүмкіндіктерді пайдаланса, олар «сұйытылған табиғи газдың» әлемдік нарығында көшбасшы бола алады және Ресей Федерациясынан құбыр газын шығаруға зиян келтірмейді. 2019 жылы екі ірі экспорттық құбыр желісі - «Северный поток-2» және «Сила Сибири» құрылыстарының аяқталуы ресейлік газ экспорты үшін жаңа перспективалар ашады [2].

Соңғы алты жылда Ресей газ өндірісін едәуір арттырды - 2012 жылғы 654,5 млрд м3-ден 2018 жылы 725 млрд м3 дейін [2]. Сонымен бірге, осы кезеңдегі ішкі газды тұтыну шамалы өсті, ал экспорт шамамен үштен бірге өсті.

Сурет 2. Табиғи газды сату көлемі ООО GAZPROM EXPORT 2019 жылы батыс еуропада. (Дереккөз: «Газпром экспорт» ресми сайты) [3].



Батыс Еуропа нарығы (оның ішінде Түркия) ресейлік жеткізілімдердің негізгі бөлігін құрайды. 2019 жылы «Газпром Экспорт» аймақ елдерінің нарықтарына 153,39 миллиард метр куб газ жеткізді. Ірі импорттаушылар - Германия, Италия, Австрия, Түркия және Франция [3].

Сурет 3. Ресейдің сыртқы саудасының 2010-2017 жж. экспорт және импорт гистограммасы. (Дереккөз: Банки Сегодня. Информационно-аналитическое финансовое издание) [4].



Санкциялар экономиканың мұнай-газ, Қаржы және қорғаныс салаларына бағытталған және шетелде активтердің бір бөлігін тоқтатуды, капитал нарықтарына кіруді шектеуді, ресейлік тауарларға бақылауды күшейтуді қамтиды. Сонымен бірге экономикаға шикі мұнай бағасының екі еседен астам төмендеуі теріс әсер етті, бұл Ресей рублінің қатты құнсыздануына әкелді.

Ең алдымен санкциялар Ресейдің сыртқы саудасына әсер етті. 2015 жылдан бастап импорт пен экспорттың төмендеуі тіркелді [4]. Импортқа келетін болсақ, оның басты себебі - Ресей рублі бағамының күрт төмендеуі; сонымен қатар ЕО елдеріне қарсы санкциялар әсер етті. Экспорттың төмендеуі санкциялардан басқа, негізгі экспорттық тауар - мұнай құнының екі еседен астам төмендеуіне байланысты болды [4]. Сонымен қатар, басқа шектеуші шаралар, мысалы, ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы санкциялар,



жаңа мүмкіндіктерін іздеуде. Олар Солтүстік Африкадағы Алжир, Тунис, Ливия, Марокко және Египетті зерттей бастады. Алайда оның аса тиімді емес екені байқалды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

- 1 РОСГАЗ ресми сайты <https://rosgaz.biz/faq/411-rol-gazovoj-promyshlennosti-v-ekonomike-rossii.html>
- 2 «Газпром», Сахалин Энерджи, РФ-ның энергетикалық министрлігі <http://www.ngv.ru/magazines/article/rossiya-na-globalnykh-rynках-gaza/>
- 3 «Газпром экспорт» ресми сайты <http://www.gazpromexport.ru/>
- 4 Банки Сегодня. Информационно-аналитическое финансовое издание <https://bankstoday.net/last-articles/zapad-protiv-samoe-vazhnoe-o-sanktsiyah-protiv-rossii>
- 5 promdevelop.ru веб-сайты <https://moneymakerfactory.ru/spravochnik/dobyicha-gaza-v-rossii/>